



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты ІХ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ІХ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2014

Қолданылған әдебиет

1. Горшкова, В.Е. Перевод в кино. Иркутск: МИГЛУ, 2006. - 278 с.
2. Бальдо, С. Адаптация: пропедевтический метод обучения переводу. Вестник МГУ. Серия 22. Теория перевода. 2008. - № 2. - С. 85103.
3. Pettit, Z. The Audio-Visual Text: Subtitling and Dubbing Different Genres //Meta. 2004. - Vol. 49, n° 1. - P. 25-38.

ӘОЖ 81'373.612.2:32:81:004.738.5

ҒАЛАМТОРДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ САЯСИ МЕТАФОРАЛОГИЯ

Даулетбаева Гауһар Нұрланқызы

gauhara_nur@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Филология факультеті

Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасы

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.М.Коңыратбаева

Адамдардың өзара түсінісу, қатынас құралы тіл болса, оның лексикалық құрамының негізгі арқауы - сөз. Ол - қоғам мен табиғат құбылыстарының, адамның рухани өмірінің айнасы. Сөздердің мәнін, қолданылу сырын ашу, мағыналарына түсініктеме беру - қазақ лингвистикасының алдында тұрған елеулі міндеттерінің бірі. Осы ретте тілімізде сөздердің метафоралы қолданылуы - ерекше назар аударуды талап ететін тақырып. Өйткені сөз семантикасы, сөздің қолданылуы тәсілі, экспрессия яғни, мәнерлеу қасиетті тіл білімінде әлі де болса басы ашық мәселе емес. Қазір олардың көбі -бейнелі мәні солғындаған, жаттандылыққа айналған метафоралар. Осы жағын ескерсек, метафораны жеке ақын жазушылардың шығармасы бойынша ғана емес, жалпы тілдік категория ертіңде қарастыру қажет. Тіл тарихын зерттеуде метафораның мәні зор, оны сөйлеу мәдениетіміздің бір көрінісі ретінде, образды ойымыздың дамуы мен қалыптасуын көрсететін элемент түрінде арнайы қарастыру қажет.

Метафора бұл ғылыми зерттеу объектісі ретінде әрдайым ерте заманнан қазірге дейін гуманитарлық пән ретінде пайдаланды. Жүздеген жыл бойғы гуманитарлық ғылым метафора жайлы өте құнды білім иеленді және оның тілдегі рөлін айқындады. Сөздердің дағдылы, әдеттегіден тыс, ауыса қолданылуымен байланысты «метафора» термині ежелгі Грек және Рим заманындағы зерттеу - еңбектерден белгілі.

Метафораны орыс тілінде алғаш зерттеушілердің бірі М.В. Ломоносов «краткое руководство к риторике» деген еңбегінде оны сұлу сөйлеу тәсілі ретінде байымдайды. Ал көрнекті ғалым А.А. Потебня метафораның кездейсоқ сөз саптаудан емес, қажеттіліктен туатындығын атап көрсетті. Соған қарамастан XX ғасырдың соңғы онжылдығында метафораны зерттеу жаңа бір сатыға өткендігі байқалады. Бұл уақыт кезеңі тек қана осы тақырыпқа сәйкес жұмыстардың бірден көбейгендігі емес, сонымен қатар нысанның басқа парадигма зерттеуіне аударылуы, бұл өз кезегінде метафораны тіл және ойлау жүйесінің элементін жаңа перспективалардың ашылуын қарастырады. Зерттеулердің нәтижесінде метафора санада бейнеленетіндігі анықталды. Қазіргі заманғы психологтар оны адамның геноцизмі және адам мәдениетімен байланыстырады. Жоғарыда атап өткеніміздей метафораның тағы бір қыры саясат ағымында қолданыс табуы саяси метафорологияны көрінісін тілімізге әкелді. «Саяси метафорологияның жаңа ғылыми бағытта дүниеге келуі табиғи жағдаймен жүзеге асты. Саяси метафорология негізін салушыларының ойынша, метафорологиялық саймандардың саяси дискурста терең енуі және зерттеу нысаны саяси метафорологияның пайда болуына әкелді» [2].

Саяси метафорология теориясы мен практикасының синтезі болып саналатын, Э.В. Будаевтың «Метафорический образ России в современном мире» [1] монографиясы дәлел болатын заманауи саяси метафорология жақсы таныс құбылыста жаңа, оқыс тұстарды көруге мүмкіндік беруімен қызықты.

Дискурстық метафориканы зерттеудің теориясы мен практикасына арналған кез-келген монографияда өткенге мән беретін көзқарас болады, бірақ бұл жағдайда саяси метафора саласындағы заманауи зерттеулердің классификациясы лингвистикалық, саясаттанушылық білім мен координаталар жүйесінде беріледі. Басқаша айтсақ, автор саяси метафораны зерттеу әдістерінің лингвистикалық-орталықтас деңгейлі моделін жасаған [1]. Сонымен бірге автордың саяси метафора теориясының құрылу тарихына көзқарасын барынша объективті және бейтарап деуге болады. Ғылыми білім алудың заманауи тұжырымдамаларының «фамилиялық теориялық сәйкестігі» [1] жаңа бастаушы метафорологтарға танымдық мақсаттарға мінсіз сәйкес келеді.

«Саяси метафораның ұлттық ерекшеліктері көбіне қолданылатын метафоралық модельдердің ерекшеліктерімен емес, олардың жиілігі мен прагматикалық жүктемелілігімен, сонымен қатар ол модельдердің түрлі фреймдік ұйымдастырылуымен және олардың концептуалдық ұйымдасқандығына байланысты болады» [1]

Метафоралы сөз қолдану көпшілік жағдайда жансыз нарселерге жандылық қасиетін телуге байланысты. Мұндайда метафора зат есім болып келеді де сөйлемде предикат, басқаша айтқанда, зат есім бастауыш функциясында жұмсалады. Бұл метафораландыру сөздердің жаңа байланыста, тіркесте жаңа мән, мағына алуы ықтимал. Осының арқасында сөздердің экспрессивті әсері мен мәндік қасиеті арта түседі.

Тіл табиғатына көз тігіп барлау жасасақ, саяси метафораның ондағы жұмсалы аясы мен қолданылу кеңістігінің өте ауқымды екендігі байқалады.

1) Иран тарапы да «алтылықпен» нақты келісімдерге келуге дайын екендігін және бұл мәселені күш көрсету арқылы шешуге болмайтындығын айтып отыр. [3.№5,76].

2) Осындай жемісті жүздесуге арнайы «өзара тілқатысу алаңын» ұсынған Қазақстан үшін де бұл кездесулер үлкен нәтижелерге жетелейтін жарқын бағыт. [3.№5,86].

3) Сондықтан да, Алматыдағы «Иран келіссөздерінің» қайта жаңғыруының өзі әлемдік саяси қатынастар сахнасындағы үлкен нәтиже.

4) 2006 жылы Қытай «алтылық» механизміне қосылса, өткен жылы «алтылық» пен Иран арасындағы ұнқатысудың төрт раундына қатысты, деді ол. [3.№5,76].

5) Ол Пәкістан тарапымен келіссөз жүргізе отырып, Усама бен Ладеннің көзін жою операциясы барысында осы елдің аумағына заңсыз кіріп кетіп, атып түсірілген тікұшақтың сынықтарын қайтаруға күш салды. [4.№5,26]

6) Ол Ливияның әуе кеңістігіне әуе кемелерін ұшырмау аймағын енгізуді қолдап, соған орай мәселе көтерген сенатордың бірі болды. [4.№5,56]

7) Сонымен қатар, ол – АҚШ пен Ресей арасындағы Стратегиялық шабуылдау қаруын қысқарту туралы жаңа шартқа қол қоюға Сенаттың келісім беруіне ерекше ықпал еткен саясаткер. [4.№5,86]

1) Green week saw the launch of the new Environmental Management and Sustainable Development programme [5.№2,76]

2) The investment climate is negatively influenced by many ill-conceived and purely populist initiatives [5.№2,66]

3) Unreasonable interference of state bodies in the activity of business entities is being eliminated. [5.№4,56]

4) “A revolutionary way of changing power is a possibility if the deadline is missed” he said. [5.№5,26]

5) If democracy comes at such a cost that people have to migrate to make a living or investors refuse to come to kyrgystan and local people find a way out of the incredible red tape by going into the shadow economy then probably a good dose of an illuminated authoritarianism is what the country needs. [5.№5,76]

6) If not the tax department, it is the Government, or some opposition party that is doing its part to add obstacles to the already numerous problems that this landlocked country with very poor infrastructure is facing. [5.№6,36]

7) Following a decree issued in February 2013 by the Kyrgyz parliament, an advisory board has been formed to give an answer within 3 months aimed at authorizing the government to proceed with the renegotiation process. [5.№5,16]

Бұл мысалдар саяси ғаламторда ақпараттық қорлар кең және үзіліссіз артуда. Бұл сайттар басқарушы органдардың және олардың өкілдерінің; саяси партиялар және саяси бағыттардың; әртүрлі деңгейдегі саяси қайраткерлердің; ақпараттық-аналитикалық саяси сайттар; мемлекеттік және саяси қайраткерлердің блогтары, саяси жарнама, БАҚ жаңалықтары; сайлау алды компаниялардың сайттары және тағы басқа осындай саяси ғаламтор қорларының әртүрлі типтерінен алынды.

Сонымен, саяси ғаламтор өзімен бірге халықпен күшті интерактивті байланыс болып, ғаламторға қолы жететін халықпен саяси қайраткерлермен күнделікті диалог жасауға мүмкіндік береді. Ғаламтор өзімен бірге әлеуметтік феномен болып, жаңа когнитивті ортаны коммуникаторлармен байланыстырады. [6] Осыдан басқа коммуникациядағы шын өмірде мүмкін емес желілік байланысқа қол жеткізіп: фрусталдық қажеттіліктерді қанағаттандырып, өзіндік қасиеттерді жүзеге асырып, саяси және әлеуметтік мәселеде өзінің ойын жеткізуге мүмкіндік береді. Басты мәселе болып саяси коммуникацияның мақсаты-белгілі аудиторияға өз сөзін өткізу – саяси интернетте өз орнын тауып, жүзеге асу мүмкіндігін тауып отыр. Осы кезекте қарым-қатынас санының жетіспеуінен емес оның жаңа сапасы жайлы сөз қозғалуда.

Бұл әрекеттердің маңызды өзегі ретінде дәстүрлі ақпарат көздері ақпараттық монолог режимінде-бір бағытты коммуникация басымдырақ болады. Осы жүйе арқылы құзырлы органдар адресатқа және субъектілер арасында билікті жүргізіп отырады. Компьютерлік технологиялар болса жанжақты дамыған коммуникацияға жол ашып отыр. Ғаламторға қолы жететін әр адам ақпаратты қабылдаушы да жіберуші де бола отырып, бұл әрекеттер коммуниканттар арасындағы, саяси құрылымдар арасындағы вертуалдық эффектілік байланыс. Бұл процесс коммуникацияны өте активті және екіжақты шартталған: жіберуші және қабылдаушы белсенді қатысушылары болып, оның дамуына әсер етуі мүмкін.

Саяси коммуникацияның ғаламтор жүйесінде негізгі қызметі мынадай универсалды жақтары болады: ақпаратты сақтау және жіберу, пиар, жарнама, талқылауларды ұйымдастыру және саяси-әлеуметтік мәселелерді шешу. Саяси интернет-коммуникацияның өзегі ретінде интернет тілдік әсері бар персуазивтік орта: сенім, дәлелдеме және дара мақсаттарды жетістік үшін насихат. [4].

Сонымен қатар, басқа да сөйлеуге әсер ететін технологиялар сияқты, саяси метафора басқарылатын құбылыс болып келе жатыр. Оның қолданылу тиімділігі жоғарылатылады: саяси метафора елдегі оқиғалар мен мән тілден жасалатын сәнге сергек әсер етеді.

Соңғы кездерде саяси метафорада (сонымен қатар сөйлеу әсерінің басқа әдістерінде) БАҚ-та лексика жиірек қолданылады, БАҚ тілінде бұрын жарамайтын: жастар сленгі, қылмыстық арго, қарапайым сөздер, лексика "төменгі" басқа тіл деңгейінде көрініс табады. Бұл керек тап рецепция сияқты саяси метафораның жасаушылары адресаттың дәстүрлерін сөйлеу әсерінің тиімділік дәрежесін қамтамасыз етеді.

Бұл қалай қайғылы болғанымен, экономикалық терминологияға қарағанда қылмыстық жаргон жиірек сайлаушы үшін түсініктірек келеді.

Елде маркетинг, имидж және т.б. агенттік және басқа көбеюде, лингвистикалық, социологиялық және психологиялық зерттеулер, саяси метафораларының жасалуы (немесе "айналдыру" күтпеген апат жасалуы) бәрі кәсіпқойлардың қолына кетеді.

Нақты Метафораның әмбебаптықтығы және оның жиі аңғарылмаған, БАҚ-тарда пайдалану және жұрт алдындағы саясатшылары оқырмандаға нақты мақсатпен әсер ету, сонымен қоса көптеген дамыған тәсілдің кәсіби амалы саяси метафораға жіктелген технологияға сияқты бізді осы тақырыпқа бұрылуға түрткі етті: бұл күшті құралды тек жан-

жақты зерттеу, метафора қандай болса, саяси дискурста жұмыс істейтін журналистке бұл құралды сауатты және тиімді қолдануға мүмкіндік береді, "интуициямен" емес, (аз мөлшерде, тек интуициямен ғана емес), бірақ өз биліінде нақты және түсінікті механицизм болса, соның көмегімен саяси метафора қалыптастыру бағытталған және тиімді, ал қабылдауы – аналитикалық, негізгі тезисті айқындау және қолдану себебін нақты кодтайды.

Қорыта келе айтарым, біріншіден бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғамдағы мәселелерді алға тарту. Халықтың мұң мұқтажын керекті орындарға жеткізуде қолданылатын баспасөз арқылы көрініс табуын көрсету. Метафоралогия ғаламдандудың, жаһандану кезеңінде саясаттың саяси лингвистиканың дамуымен өте белсенді қолданысқа еніп отырғанын білдіру.

Қолданылған әдебиет

1. Хасанов Б. «Метафораның жасалуы»
2. Будаев «Политическая лингвистика» журналы
3. Zhasalash.kz, Aikyn.kz.
4. Барлыбаев Р.Б. «Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы»
5. Tengrinews.kz , Bnews.kz

ӘОЖ81'373.7=111=512.122

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ АНТОНИМДЕРДІ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Исмаилова Айгерим Жанатовна

aikosha92@inbox.ru

В4-20700-01 тобының студенті

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Т.Қондыбаева, жалпы тіл білімі және аударма теориясы
кафедрасының доценті

Елбасымыздың халықты үш тұғырлы тіл саясатына шақыруы көпшілік қауымның қолдауын тапты. Бұл саясатты жүзеге асыруда аударманың алатын орны ерекше, өйткені тілді жетік меңгеру үшін кәсіби, нақты, әрі түсінікті аудармалардың қажеттілігі байқалады.

Аудармашылар кейде түпнұсқалардың дәстүрлі түсініктерін сақтауға тырысып, аударылатын тілдің ұлттық ерекшеліктеріне мән бермейді, ал кей кездерде аударылатын тілдің ұлттық нақыштарын сақтауға тырысады да, бастапқы шығармаларды асыра өзгертіп жіберетін тұстар аударма саласында көп кездесіп қалып жатады. Бұл мәселе айналасында С.Маркиш, В.Гумбольдт, Б.Уорф, К.Мэргэн, Л.Вайсбергер және т.б. ғалымдар өз пікірлерін білдірген болатын. Мысалы, В.Гумбольдт бұл қауіпке ұшырамау мүмкін емес екендігін айтса, өзге ғалымдар мұның себебін философиямен байланыстырады.

Аударма деректі жүйе емес болғандықтан, нақты тілдік мәтінге назар аударып отырған дұрыс деп білеміз. Аудармашының жұмысы белгілі бір мәтіннің тіліне байланысты жасалатын нақты әрекеттерден тұратынын дәйім ескеріп отырған жөн. Аудармада аудармашы бара-барлыққа жету, әрқилы тілдерлік өзгертулер жасай білуі керек.

Аударма – бұл адамзат қызметінің күрделі және көп қырлы саласы. Әдетте аударманы «бір тілден екінші тілге аудару» деп айтады. Дегенмен, аударма үдерісі барысында тек қана тілді өзге тілге ауыстыру ғана болмайды. Аудармада алуан түрлі мәдениеттер, тұлғалар, әр түрлі ойлау қабілеті, әдебиеттер, дәуірлер, алуан даму дәрежесі мен дәстүрлер тоғысады. Аударма мәдениеттанушылардың, этнографтардың, психологтардың, тарихшылардың, әдебиетшілердің қызығушылығын танытады, және аударма ісінің әрқелкі қырлары сәйкес ғылымдардың шеңберінде зерттеу объектісі бола алады [1, 23].